

## Қансейіт ӘБДЕЗҰЛЫ

### Тұғыры биік түркітанушы

Кеңестік кезеңдегі қазақ әдебиетінің тарихын зерттеу, зерделеу ісіндегі басым саясат бодандық санаға, яғни еуроцентристік, ұлы империялық орыстық шовинизм бағытына басыбайлы берілді. Әрине, бұратана делінетін түркі тілдес ұлттардың сан ғасырлық тарихы бар руханияты, әдебиеті, өнері, мәдениеті өзінің терең тамырларынан ажыратылып, құнарынан айырылған аралдай жетімдік күйін кешті. Батыс, Еуропа, орыс, славян тектес ұлттардың әдебиеті мен өнері, соны жасаған тұлғалардың абыройын асырып, солардың өмірбаянын, шығармаларын оқыту мәртебе болды. <https://egemen.kz/article/315238-tughyry-biik-turkitanushy>